


ОРИЕНТАЛИЗМ

«Ориентализм», «шығыстану»:
ұғымы мен түсінігі, терминдер және
категориялар





Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **2. «Ориентализм», «шығыстану»: ұғымы мен түсінігі, терминдер және категориялар**

Мақсаты: Шығысты зерттеуде қолданылатын негізгі ұғымдарға тоқталу, терминдер мен категорияларды анықтау, оларға түсінік беру; Шығыстану ғылымында қолданылатын терминдердің қолданылу ерекшеліктерін түсіндіру.

Эдвард Саид өзінің шығармашылық жолындағы басты еңбегін «Ориентализм» деп атады. Бір қарасақ бір ғана сөз. Ал біз осы атаудың айналасында толықтай бір теория, зерттеу әдіс-темесі қалыптасты деп отырмыз. Бір «Ориентализм» кітабы бойынша дәрістер курсы бастағалы отырмыз. Саид осы атаудың мән-мағынасын ашуға тұтастай бір еңбек арнады. Сол арқылы ол қазіргі ғылымда қолданылатын «ориентализм» ұғымын, оның ілімін қалыптастырып кетті, яғни қазіргі ғылыми академиялық орта «ориентализм» терминінің мағынасын Эдвард Саид ұсынған мазмұнда түсінеді және қолданады. Енді біздің ойымызда нақты сұрақ туады: бұл қандай ұғым? Ориентализм деген не? Саид оны не деп түсіндірді?

Бұл ретте ең алдымен біз Шығысқа қатысты зерттеулерде бір-бірімен жарыса қолданылатын бірнеше терминдер мен ұғымдар бар екенін білуіміз қажет. Сонымен бірге олардың әрқайсысы өзінің қолданылу ерекшеліктеріне ие екенін де атауымыз керек. Нақтырақ айтқанда ол – «Шығыстану»/«ориенталистика», «ориентализм» (Orientalism), «шығыстық/шығыстанулық зерттеулер» (oriental studies).

Алдымен өз ана тілімізде, өз ортамызда бұл атауларды Шығысты оқып-зерттеуге қалай қолданатынымызға тоқталайық. Қазақ тілінде бұл сала «шығыстану» аталатыны барлығымызға белгілі. Ең алдымен, **Шығыстану (ориенталистика)** – Азия және Солтүстік Африка елдерінің тарихын, экономикасын, тілдерін, этнографиясын, мәдениетін, дінін, философиясын, материалдық және рухани мәдениеттерінің ескерткіштерін кешенді түрде зерттейтін ғылым. Бұл оның негізгі анықтамасы. Дәл осы ғылымды атау үшін «ориенталистика» термині қолданылады, яғни шығыстану ғылымының екінші атауы бар, ол – ориенталистика.

Шығыстану ғылымы өз ішінде мынадай аймақтық салаларға бөлінеді: египтология, семиология, ассириология, арабистика, шумерология, урартология, кумранистика, малаистика, ирантану, түркітану, синология (қытайтану), моңғолтану, үндітану, жапонтану және т.б.

Шығыстану ғылымына іштей салаға және аймаққа бөліну үрдісі тән. Ол үрдіс бойынша Шығыс елдерінің тарихын, экономикасын, әдебиетін және тілін зерттеуге мамандану, мысалы шығыстанушы-тарихшы, шығыстанушы-лингвист т.б., әрі Азия мен Солтүстік Африка елдерінің дінін, философиясын, мәдениетін зерттейтін салаларға бөліну. Мысалы, араб елдерінің қазіргі саяси проблемаларына сарапшы немесе Қытайдың Орта Азия республикаларымен экономикалық қатынастарын зерттеу.

Сондай-ақ Шығыстану ғылымынан өз алдына африкатану (африканистика) атауымен дербес ғылыми пән бөлініп шыққан.

Біздің елімізде бұл ғылым саласымен айналысатын Қазақстан Республикасы БҒМ ҒК «Р. Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» бар, ол 1996 жылы құрылған. Институт Қазақстан мен Шығыс елдері қарым-қатынасының тарихи-мәдени, әлеуметтік-экономикалық, саяси, діни, сонымен қатар, өркениет және мәдениетаралық қырларына іргелі және қолданбалы негізде жүйелі зерттеулер жүргізеді.

Сонымен бірге «шығыстану» атауы осы ғылыммен айналысатын және аталған салаларды меңгерген мамандарды дайындайтын білім беру саласына да қатысты кеңінен қолданылады, яғни елімізде шығыстану факультеттері, кафедралары бар. Университетте жүргізілетін оқу процесіне, білім беру бағдарламаларына қатысты алғанда «шығыстану» мамандығына «oriental studies» атауы қолданылады. Сонымен, бұл академиялық, яғни білім саласына тиісті атау. Шығысты оқып-тану, үйрену, шығыстық зерттеулер мағынасын береді. «Ориенталистика» – ғылым, «oriental studies» университетте берілетін білім беру бағдарламасы, мамандық атауы. Бұл тұтастай алғанда өте үлкен мәнге ие, аса жауапты сала, себебі, қазіргі қоғамның аса маңызды салаларына ғылым мен қазіргі заманғы ақпараттық технологиялар жаппай енгізіліп жатыр, әлеуметтік-экономикалық жаһандану күннен күнге ұлғаюда, саяси, әлеуметтік, діни, экологиялық проблемалар да ұласпалы түрде ушығып отырады, Шығыста постколониалдық, постсоциалистік және дамушы мемлекеттердің ішкі өзгерістері жүріп жатыр, сол дамушы мемлекеттерде күн сайын жаңа ұғымдар мен құбылыстар пайда болуда, сол өзгерістер әсерінен сансыз аймақтық шиеленіс орталықтары пайда болды – осы және көптеген басқа құбылыстар шығыстану ғылымында философиялық-дүниетанымдық және логикалық-методологиялық



Кітап: Ориентализм

Дәріс: 2. «Ориентализм», «шығыстану»: ұғымы мен түсінігі, терминдер және категориялар

мазмұндағы проблемаларды зерттеудің өзектілігін күннен күнге арттырып отыр. Бұлар бүгінгі шығыстану ғылымының мазмұнын анықтайды.

«Шығыс» – бұл, әрине, ең алдымен географиялық атау. Шығыс, шығыс нүктесі – әлемнің төрт жағының – солтүстік, оңтүстік, батыс, шығыс бағыттарының бірі. Картада Шығыс солтүстікке қарап тұрған адамның оң жағында болады, яғни біз әлем картасының алдында тұрсақ, Шығыс біздің оң жағымызда, ол Қытай Халық Республикасы орналасқан аймақты білдіреді. Халықаралық белгісі – E (ағылш. East) әрпімен белгіленеді.

Қазақ тіліндегі «шығыс», «күншығыс», ағылшын тіліндегі «East», араб тіліндегі «Машрик», парсы тіліндегі «Шарқ», түрік тіліндегі «туу» етістігімен байланысты «Dogu» және т.б. атаулар тікелей Шығысты, күннің шығатын орнын білдіреді.

Күн мен күншығыс ерте замандардан барлық Шығыс халықтары үшін қасиетті мағынаға ие екені белгілі. Шығыс адамы өзінің өмірлік философиясын, қоршаған орта және табиғатпен арақатынасын Күнмен тығыз байланыста орнатқан, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрін Күнмен қатысты дамытқан. Мысалы, халқымызда адамның өмірін «көер күн», баласын, жақсы көрген адамын «күнім», уақытты «күні бойы», «күнұзақ» т.б. деп атау қалыптасқан. Мысырлықтардың Күн құдайы, онымен байланысты рәсімдер, ислам дініндегі намаз уақыты, ораза ұстау, иран, түркі халықтарының Наурыз мерекесі, көптеген халықтардың күнтізбесі осы Күншығыс, Күннің шығатын мезгілі, орнымен байланысты, яғни «Шығыс» – оның тұрғындары үшін сакралды, қасиетті ұғым.

Ғалымдардың тұжырымы бойынша Шығысқа қатысты деректерді ең алғаш рет көне грек авторлары қалдырған. Персияға қызығушылық танытқан гректер оны Шығыс, өздерін Батыс әлемінің өкілі ретінде тани отырып, бір-біріне қарсы орналасқан екі аумақ ретінде осы екі географиялық ұғымды бекіткен. Персиядан бастап грек әлемінен Шығысқа қарай жатқан елдердің бәрін олар Шығыс деп есептеді, яғни ежелгі тарихта алғашқы шығыстық зерттеулер гректердің Персияға қатысты деректерінен басталады, бұл айтылғандарды өз еңбегінде Э. Саид те мақұлдайды:

Батыс пен Шығыс арасындағы қарсылықтың (оппозиция) басы ретінде Саид көне Грецияны, ең алдымен грек-парсы соғысы жүрген кезеңді қарастырады. Б.з.д. 492 жылдан 449 жылға дейін шамамен 40 жылға созылған осы соғыстардың маңызды нәтижелерінің бірі – ол гректердің парсы халқына қатысты қарсылықтарында олардың (гректердің) өзіндік санасының күшеюі болды. Саидтың тұжырымы бойынша Геродот (Herodotus) пен Фукидид (Thucydides) танытқан Греция қарама-қарсы саяси және экзистенциалды құндылықтар тұрғысынан өзін Шығысқа қарсы қойды. Гректер өздерін бостандық таратушы ел деп санап, ал Шығыста тұтасымен алғанда бостандықтың жоқтығын алға тартты.

Ерте заманнан Мысыр және басқа да Таяу Шығыс елдерімен тығыз байланыста болған гректер олардың экономикасынан, нақтылай келгенде транзитті сауда-саттық, теңізде жүзу өнерінен, сондай-ақ саясатынан, мысалы, Солон реформаларынан, философиясынан өздеріне пайдалы дүниелер қабылдаған.

Шығыс елдері мен олардың тарихының сол елдердің өз өкілдерінің тарапынан зерттелуі ерте заманнан бастау алады. Ерте және ортағасырлық шығыс авторларының негізінен, тарихи шежіре мен географиялық сипаттау мазмұнындағы еңбектері шығыстану ғылымы үшін құнды дереккөздер болып табылады.

Қазіргі қолданыстағы «шығыстану» сөзі тек географиялық қана емес, мағынасы анағұрлым кеңіген жалпыға ортақ ғылыми термин.

Ал Европадағы шығыстану (ориенталистика) ғылымы өз бастауын Европа, Азия және Солтүстік Африка халықтары арасында сауда-саттық және саяси қатынастар орнаған кезден, яғни ерте және орта ғасырлардан алады. Шығыс елдері туралы мәліметтер Европада алғашында практикалық қажеттілік пен миссионерлік мақсаттарға сай жинастырылды. Бұл қызмет біртіндеп оқу-біліммен байланыстырылып, кейіннен нақты теориялық зерттеулерге айналды.

Бұл мәліметтер бізге шығыстану/ориенталистика ұғымдарымен танысу үшін ғана емес, осы ғылым аясында Эдвард Саид еңбегінің алатын орнын, оның авторлық тұжырымдамасын нақты білу үшін, осы салада бүгінге дейін жүргізілген зерттеулерді дұрыс түсініп, оның көзқарастарын болашақ ғылыми-зерттеулер барысында ғылыми әдістемелік тұрғыдан дұрыс қолдана алу үшін қажет.



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **2. «Ориентализм», «шығыстану»: ұғымы мен түсінігі, терминдер және категориялар**

Егер «ориенталистика» Шығысты зерттеуге қолданылатын термин болса, Эдвард Саид өз еңбегінде неге ол атауды емес, «ориентализм» сөзін қолданды? Ориентализм дегеніміз не? Оны автор қалай түсіндіреді деген заңды сұрақтар туады. Бұл сұрақтың жауабын Саидтің өзінен, еңбектің мазмұнынан іздейміз.

Біріншіден, Ориентализм (шығыстану) – дербес мазмұнға ие және XVIII–XIX ғғ. ғылыми айналымға енгізілген батыстық ғылыми пән. Э. Саид Шығысты географиялық (East) жағынан емес, мәдени мағынада (Orient) анықтайды. Екіншіден, еңбекте Саид мынадай түсіндірме береді: «Ориентализм Батыстың европалық тәжірибесі үшін ерекше рөлге ие Шығыспен қатынас жасаудың тәсілі, ол осы рөлге негізделген. Ориент (Шығыс) Европаның көршісі ғана емес; ол сонымен бірге оның аса үлкен, бай, әрі көне колониялары орналасқан аумақ; ол оның өркениеті мен тілдерінің қайнаркөзі, оның мәдени қарсыласы, сонымен бірге оның терең және қайталанып отыратын «Басқа» (the Other) образдарының бірі. Бұған қосымша, Ориент (Шығыс) Европаға (Батысқа) оның (Батыстың) Шығысқа қарсы имиджі, идеясы, тұлғасы, тәжірибесі ретінде танылуына көмектесті. Дегенмен мұндай Ориенттің бір де бірі тек таза қиял емес. Ориент – бұл европалық материалдық өркениет пен мәдениеттің құрамдас бөлігі. Ориентализм бұл құрамдас бөлікті мәдени және идеологиялық мағынада оған қолдау көрсететін институттар, сөздік қоры, зерттеулер, қиялдар, доктриналар, тіпті отарлық бюрократия және отарлық стильмен дискурс құраушы тәсіл ретінде анықтайды және танытады».

Саидтің негізгі тұжырымы бойынша ориентализм – тек Батыс мәдениеті өкілдері тарапынан шығыс тілдері мен мәдениеттерін оқып-зерттейтін белгілі (әрі құрметті) академиялық дәстүр ғана емес, ең алдымен іргелі және дүниетанымдық бағыттағы алғышарттардың жиынтығынан тұратын идеологиялық, саяси, экономикалық және мәдени біртұтас кешен. Саидтің танымы бойынша Ориентализмнің мұндай позициясының мәні Батыстың Шығысқа қатысты үстемдігін сантүрлі тәсілдермен, атап айтқанда академиялық ғылым, көркемөнер, музыка және мәдениет құралдары арқылы қамтамасыз етуде жатыр.

Бұл айтылғандар Эдвард Саидтің өз зерттеуінде қолданған басты әдістемелік ұстанымының негізгі мәнін танытады.

«Ориентализм» терминін Саид көпқырлы ұғым деп санайды және оған еңбекте бір-бірімен байланысты үш түрлі мағына береді. Оларға нақты тоқталатын болсақ:

«Ориентализмнің» **бірінші түсінігі** жоғарыда аталған жалпыға таныс академиялық ғылыми ортамен тығыз байланысты, кең қолданыстағы ұғым және бүгінге дейін Шығыс немесе Азия елдері бойынша шығыстану немесе аймақтанулық зерттеулер ретінде жүзеге асырылып жатқан ғылыми пән».

Саидтің пікірі бойынша «Бұл термин дәл осы мағынада мамандар тарапынан нақты қолдау тауып отырған жоқ, себебі ол тым жалпылама, нақты емес, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы европалық колониализмнің әміршілік түсінігін береді. Дегенмен бұл терминмен кітаптар басылып, конгрестер өтіп жатыр және т.б. басқа сөзбен айтқанда ориентализм Шығысқа қатысты доктриналар мен ғылыми жұмыстарға қатысты өмір сүріп жатыр».

Ориентализмнің **екінші түсінігі** – «барынша жалпылама, ол «Шығыс» пен «Батыстың» арасындағы онтологиялық және эпистемологиялық айырмашылықтарға негізделген ойлау жүйесімен байланысты. Бұған Шығыс пен Батыстың арасындағы осы айырмашылықты негізге ала отырып өздерінің Шығыс, оның тұрғындары, дәстүрі, «ойы», тағдыры және т.б. жайлы өз теорияларын, көркем туындыларын, әлеуметтік жазбаларын, саяси есептерін жазған философтарды, ақындарды, саясат теоретиктерін, экономистерді және отаршыл әкімдерді жатқызуға болады».

Соңында, бұл терминнің **үшінші түсінігі** ориентализмнің «Шығыс (Ориент) жайлы баяндай отырып, ол туралы көзқарас, сипаттама, білім тарата отырып және оны басқара отырып, онымен қатынас орнатудың ұжымдық институты ретіндегі рөлімен байланысты. Басқа сөзбен айтқанда, Ориентализм Батыстың Шығысқа үстемдік ету, оны өзгерту, оған билік жүргізу стилі». Осылайша, «ориентализм» терминінің Саид ұсынған үш түрлі түсінігін атап көрсетуге болады – **ғылым саласы, жеке шығармашылық, дихотомия/айырмашылыққа негізделген ойлау жүйесі.**

Саидтің ориентализмді бірінші кезекте ғылыми бағыт ретінде түсінуі өзінше назар аудартады. Ориентализм тұжырымдамасын түсіну үшін басты бағыттардың бірі ретінде осы ғылыми бағытты бөліп көрсетуі автордың зерттеуші ретінде өзінің шығармашылығымен ғана емес, сонымен бірге осы салада – шығыстануда дүниеге келген зерттеулермен де байланысты



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **2. «Ориентализм», «шығыстану»: ұғымы мен түсінігі, терминдер және категориялар**

деп те санауға болады. Егер бұл пікір дұрыс болса, онда Саид батыс ғалымдарының осы салаға қосқан үлесін біржола жоққа шығармайды деген сөз, яғни Батыс авторларының Саид бұл ғылымға үлес қосқан ғалымдардың еңбегін жоққа шығарды деуі орынсыз.

Шығыстану (ориенталистика/ориентализм) – Батыс өркениетінің барлық басқа, европалық емес мәдениеттер мен халықтарға қатысты ерекше көзқарасы мен қатынасының негізінде туған **метапән** (өз құрамында басқа пәндерді қамтиды). Бүгінде әлемдік өркениеттегі күштердің өзара салмағының өзгеруіне, Батыс пен Шығысқа қатысты ескі көзқарастардың және сонымен бірге классикалық европалық ориентализмнің біртіндеп жоғалуына байланысты осы метапән өзінің жаңа формасына өте бастады.

Назар аударатын бір жағдай, бүгінде көптеген бұрынғы отар елдер оқу процесінде бұл терминді оқу пәні ретінде жиі қолданбайды. Қазіргі заманғы Батыс елдерінің білім беру бағдарламаларында «шығыстану» термині көбінесе «аймақтану» атауымен алмастырылған.

Ориентализмнің Саид ұсынған жеке шығармашылық түріндегі екінші мағынасы өзінің мәні жағынан Батыс пен Шығыс арасындағы дихотомияға негізделген философиялық «Басқа/өзге» проблемасына қатысты және «біз-олар» жүйесіндегі өзара қарым-қатынас мәселелерін қамтиды. Бұл философияда біліммен байланысты проблеманы зерттейтін эпистемологияның негізгі мәселелерінің бірі. Әлемдік даму үшін үлкен маңызы бар оқиғалар немесе әрекеттер әлденені немесе әлдекімді білуден не білмеуден туындайтындықтан ол үнемі өзекті мәселе болып қала береді. Оның нақты мысалы ретінде жекелеген халықтарға, елдерге немесе исламға қатысты білімді атауға болады.

Саид ұсынған үшінші түсінік, ориентализмнің отаршыл институт ретіндегі түсінігі әлеуметтік жүйелерді және оларда құрылған институттарды, (ұжымдар) «Басқа/жат» немесе Шығыспен қарым-қатынас мәселелерін қарастырады. Бұл өлшемнің заңды болуы кез келген идеяның кең таратылуымен, ұжырымдастырылуымен байланысты. Өз кезегінде қандай да бір идея оны ұсынған институттар/ұжымдар тарапынан әлеуметтік, мәдени, саяси, заңнамалық, экономикалық және т.б. тұрғыдан елеулі күш-жігердің жұмсалуды қажет етеді. Ал ориентализм идеясы Батыста осылай туып таратылды. Саидтің айтуынша Батыс Шығысқа өз тұрғысынан қарады, ол жайлы өзіне тиімді көзқарас/білім қалыптастырды.

Бұл айтылғандар ориентализм түсінігінің отарлаушы елдердің тарапынан бекітілгенін және Шығыс елдерінде белсенді түрде таралған көпқұрылымды үлгі ретінде танылғанын айқындайды.

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. «Шығыс» және «ориент» сөздерінің тілдік, терминдік мағыналары қандай?
2. Шығыстану ғылымы нені зерттейді?

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. «Ориент», «ориентализм», «ориенталистика» терминдерінің қолданылу ерекшеліктерін атаңыз.
2. Эдвард Саидтің еңбегінде «ориентализм» атауының қолданысына талдау жасаңыз.
3. Шығыс халықтарының «шығыс», «ориент» атауларымен қатысты салттары, дәстүрлеріне тоқталыңыз.

Ұсынылатын ресурстар (әдебиет, зерттеулер, видео және т.б.)

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Эдвард Саид, Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. ModernLib.Net / Энциклопедии / БСЭ / (ВО) - (С. 68).
4. ru.knowledgr.com. Эдвард Саид.